

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Үй жануарлар: Қой

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:**

- қой туралы білетіндерін еске түсіреді;
- үш тілде қайтала, буынға бөл, неге бөлінбейді;
- қойды сиырмен үлкен-кіші, ауыр-жеңіл екендігімен салыстырады;
- қойдың суреті неге ирек сызықпен берілгендігі туралы ой түйіндейді;
- қойдың дене бөліктері басқа үй жануарларындай ма? Салыстыр;
- боялмаған суреттегі қойдың дене бөліктерін қандай ретпен бояйтыныңды санмен (1, 2, 3) белгілеп, түсті қарындашпен жалғастыр;
- салынған суретті салыстыр бағала;

**Пәнаралық байланыс:**

танымдық (*жаратылыстану, математика*)  
шығармашылық (*бейнелеу*)  
коммуникациялық (*сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер*)  
әлеумет (*қоршаған ортамен таныстыру*)


**Білім алушы игеретін білік-дағды:**

- қой туралы білімін еске түсіреді;
- үш тілде қаталайды, буынға бөлу, қандай сөздер буынға бөлінбейтіндігін біледі;
- қойды сиырмен  $>$ ,  $<$ ,  $=$  деген ауыр жеңіл деген белгімен салыстырады;
- қой суреті неге ирек сызықпен сызылғанын түсіндіреді;
- қойдың дене бөліктерімен салыстырады, қандай бөлігі жоқ екенін тұжырымдайды;
- дене бөліктерін бояуды қалай жүзеге асыру реті (1,2,3,) санымен белгілеп нақтылайды, қарындаш түстерімен жалғастырады. Суретті салыстырады.

**ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ<sup>1</sup>:**

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)
2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)
3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)

**1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)**



<sup>1</sup> Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

**Топқа сұрақ:**

Дидактикалық ойын «Бұл не?». (суретпен жұмыс)



Суреттегі қоймен жайылып жүрген қойды салыстыр, суретші нені көрсеткісі келген әңгімеле... (коммуникациялық дағды қалыптасады)



**ҮЙ ЖАНУАРЛАР – ҚОЙ**  
(кітапшамен жұмыс)

1. Полилингвалдық компонент: үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)

2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған үй жануары атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз (танымдық дағды)

3. Қайсысы үлкен-кіші, қайсысы ауыр жеңіл екенін белгіле. Қорытынды шығар.

Өздік жұмыс



4. Қойдың суреті неге ирек сызықпен белгіленгендігі туралы ой түйіндейді. (сен қойды қандай түспен бояр едің)

Дене бөліктері:

Бас \_\_\_\_\_

құлақ \_\_\_\_\_

көз \_\_\_\_\_



аяқ \_\_\_\_\_

дене \_\_\_\_\_

құйрық \_\_\_\_\_

Қайсысы ұқсамайды?

5. Бояу ретін санмен (1,2,3,4,) белгілеп, қай қарындаш керектігін сызықпен қосып бояймыз. Суретті салыстыр.



6. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)



*Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.*